



наурыз – Халықаралық әйелдер күні!



№6-7 (2614-2615)

05/03/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

Более 24 тысяч сотрудниц АО «НК «ҚТЖ» наравне с мужчинами трудятся сегодня в железнодорожной отрасли страны и по праву заслуживают самых высоких слов благодарности и уважения. Железнодорожницы принимают в эти дни поздравления с Международным женским днем.

ЖЕНЩИНЫ НА МАГИСТРАЛИ

Асель ШАЙХЫНОВА
Нұр-Сұлтан

Женщины, занятые в разных сферах железнодорожного транспорта – службе движения, локомотивного, путевого, вагонного хозяйств, на предприятиях пассажирского комплекса – вносят большой вклад в развитие транспортного сектора экономики. На всех участках сложного и многообразного хозяйства железнодорожницы показывают пример истинного профессионализма и высокой ответственности. Многие отмечены государственными и отраслевыми наградами, знаком «Почетный железнодорожник».

В канун Международного женского дня во всех структурных подразделениях, филиалах АО «НК «Қазақстан темір жолы» тепло поздравляют сотрудниц компании. И, несмотря на то, что все поздравления проходят «онлайн», от каждого из них веет теплом и искренним восхищением.

– Благодаря повышенному чувству ответственности и внимательности к деталям, железнодорожницы успешно

работают дежурными по переезду и электромеханиками, инженерами и сигнальщиками. Считаю, что женщины-железнодорожницы – это героические люди, потому что они выдерживают такие нагрузки много лет и очень гордятся своей профессией. Я искренне восхищаюсь казахстанскими женщинами в целом, и в частности железнодорожницами, ведь часто им необходимо совмещать работу и заботу о семье, зачастую это даже многодетные матери. Они совершают подвиг материнства, приумножая благо всего народа. Это вызывает чувство уважения и гордости! – отмечает директор по управлению персоналом АО «НК «ҚТЖ» Тамила Микулич.

По словам же многих мужчин АО «НК «ҚТЖ», можно даже сказать, что у стальной магистрали – женское лицо. Ведь хотя и принято считать, что работа на железной дороге – для настоящих мужчин, что было бы с ними, не будь рядом прекрасных женщин?

Для представительниц слабого пола,

работающих в холдинге ҚТЖ, первое место в списке ценностей занимает дисциплина. К примеру, бухгалтеры в любой сфере бухгалтер, но в работе на железнодорожном транспорте есть свои особенности. Главное – дисциплина, потому что все специалисты связаны с безопасностью движения.

Итак, в любой профессии на железной дороге, где бы ни трудилась женщина – она предельно внимательна и ответственна. Это заложено в самой природе женщин. Эту черту и вклад женщин в развитие отрасли высоко ценят мужчины. По их словам, особенно в этот весенний праздник женщина не должна

поднимать ничего тяжелее букета, даже если она железнодорожница.

В целом, более 2 000 женщин в АО «НК «Қазақстан темір жолы» трудятся на руководящих должностях. Свыше 20 тысяч железнодорожниц имеют большой стаж работы в отрасли. При этом сотни сотрудниц компании являются многодетными матерями. Их способность совмещать сложную работу с семейными заботами вызывает восхищение. Успешно решая производственные задачи, они одновременно создают и сохраняют надежный и уютный домашний очаг, воспитывают детей, приносят в жизнь красоту и обаяние.



Қымбатты ханымдар!

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Сovid-19 пандемиясы бірқатар шектеулер әкелді. Әзірге бас қосып дәстүрлі мерекелерді атап өту де мүмкін болмай отыр. Әрине, мұның барлығы сақтық шараларымен байланысты. Бірақ соған қарамастан, сіздер өз міндеттеріңізді адал атқарып келесіздер.

Күнделікті жұмыс барысында жылы сөздерімізді арнауға уақыт бола бермейді. Сондықтан да жылы ілтипаттарымызды осындай мереке күндері көрсетуге тырысамыз. Шынайы құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Ағымдағы жылы компанияда сыйақы төлеу мүмкіндігі пайда болды. Өткен аптада оны ҚТЖ компаниялар тобының 24 мың қызметкері алды. Осындай игі жаңалықтарымыз көп болсын! Бұл мереке сіздерді жақын адамдарыңыздың жылы мен қамқорлығына толтырсын!

Зор денсаулық, еңбекте табыс, отбасында береке болуын тілеймін!

Сауат МЫҢБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

Дорогие, милые труженицы стальной магистрали!

Позвольте со страниц нашего отраслевого издания поздравить вас с самым красивым и светлым весенним праздником – Международным женским днем 8 Марта!

Особенно приятно, что с этого года газета «Қазақстан теміржолшысы» выходит под эгидой КАЗПРОТРАНС, и это нормативно закреплено в Коллективном договоре на 2021-2023 годы.

8 Марта в нашей стране традиционно отмечается с особой теплотой. Этот праздник олицетворяет собой огромную любовь и уважение, нежность и трепетное отношение мужчин к прекрасной половине человечества.

Природа наделила женщин несравненной красотой и неиссякаемой энергией, душевной нежностью и беззаветной преданностью, жизненной мудростью и удивительным терпением.

Вы храните семейный очаг, воспитываете детей, добиваетесь успехов в профессиональной и общественной деятельности, оставаясь при этом всегда молодыми и прекрасными. Особенно в это непростое для всего мира время – в условиях пандемии.

Желаю вам крепкого здоровья, любви, поддержки близких. Пусть взаимопонимание и согласие, спокойствие и добро всегда сопутствуют вам!

Оразгали АХМЕТБАЕВ,
председатель ОО «КАЗПРОТРАНС»

Достижение



МИРОВОЕ ПРИЗНАНИЕ

Премии Международного союза железных дорог за цифровые технологии удостоено АО «НК «ҚТЖ».

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ЖАҢАРУДА



Қазақстан темір жолы соңғы жылдары қашпай жылжымалы құрамдарды жаңартуға ден қойғаны белгілі. Тозығы жеткен локомотив және вагон паркi бүгінде жаңа машиналармен толығып жатыр.

Бұл бағыттағы жұмыстар «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізіліп жатыр. ҚР Индустрия және инфрақұрылым министрлігінің алқа мәжілісінде вице-министр Берік Камалиев теміржол саласында атқарылып жатқан осы бағыттағы іс-шараларға байланысты тиісті сандарды келтірді. Атап айтқанда, 2020 жылы Нұр-Сұлтан-Арқалық, Атырау-Маңғыстау, Алматы-Жезқазған, Нұр-Сұлтан-Семей, Қызылорда-Семей, Алматы-Өскемен және Алматы-Маңғыстау бағыттарына 100 жолаушы вагоны сатып алынды. Сондай-ақ, өз елімізде жасалған 20 жүк локомотиві сатып алынды. Биыл Алматы-Маңғыстау және Атырау-Алматы бағыттарына тағы 43 жолаушылар вагонын сатып алу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, 60 локомотив сатып алу жоспарда бар: оның 31-і жүк және 29-ы жолаушылар тасымалына арналған. Демек, ҚТЖ жылжымалы құрамдарды жаңартуды жалғастыра бермек.

Ұлан ОРАЗ

ҮНЕМ, ҮНЕМ, ТАҒЫ ДА ҮНЕМ...

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ын трансформациялау бойынша 10 жобаның бірі – отын-энергетикалық шығындарға кететін өндірістік емес шығыстарды азайтуға бағытталған. Сала мамандарының пайымы, теміржол көлігіндегі энергия тиімділігіне, жылжымалы құрамның отынды тұтынуын азайту арқылы қол жеткізуге болады дегенге саяды.



Жақында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Бимов пен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Қанат Көбесов Ақмола бөлімшесіне қарасты Жалтыр-Атбасар телімінде локомотив бригадасымен бірге мақсатты сапарға шықты. Сапар екі сағатқа созылды. Басшылар машинист пен оның көмекшісін үйлесімді жұмысын атап өтті.

Локомотив бригадасы өз кезегінде басылыққа «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесінің (ЭДТ АБЖ) жұмысын көрсетті. Жүйенің басты міндеті – отын-энергетикалық ресурстарды бақылау және есепке алу. Адамның араласуынсыз ақылды жүйе дизель отыны мен электр энергиясының нақты шығынын әр локомотив жасаған жұмыс параметрлерімен салыстырады. Қашықтықты, қозғалыс жылдамдығын, жүктің салмағын, жұмыс режимін, жол профилін бағалап және локомотивтің жұмыс режимінде немесе

отынның жұмсалыуында қалыпты емес жағдай бола қалса, сигнал береді. Жүйенің барлық ақпарат нақты уақыт режимінде локомотив депосы мен орталық аппаратқа келіп түседі, онда қажет болған жағдайда жедел шешімдер қабылданады.

Қазіргі уақытта жүйемен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС паркінің барлық локомотивтері жабдықталған. Бұл 2020 жылы отын шығынын 11 мың тоннадан астам мөлшерге азайтуға мүмкіндік берді.

Пойызды басқару – үлкен жауапкершілік. Машинист локомотивтің конструкциясын, жолдың профилін, сигналдардың орналасуын, станциялар мен аралықтар бойынша жылдамдық режимдерін егжей-тегжейлі білуі тиіс. Пойызды жүргізу кезінде тежегіштерді басқарудың білгірі болумен қатар дизельдің жұмыс істеу режимінің ең тиімдісін таңдай білу қажет.

– Құрамды басқарып келе жатқан машинистің табысты

жұмысы – темір жолдың барлық құрылымдарының: жолшылардың, энергетиктердің, сигнал беруші-байланысшылардың, пойыз диспетчерлерінің және басқалардың күш-жұмылдыруына, барлық өндірістік процестердің нақты жұмысына байланысты. Мұны, әсіресе, жол аралықтар мен учаскелерді жүріп өткенде, көп тонналы пойызды сүйреп апара жатқан машинист кабинасынан айқын сезінесің. Теміржолда машинистің сергектігін ояту деген ұғым бар, бұл келе жатқан пойыз машинисіне теміржолшылардың сәлемдескені ретінде алақанын алға созуы, осыдан-ақ, сен әрбір қызметкердің қауіпсіздікті арттыру процесіне мүдделі екенін түсінесің, – деген Қанат Көбесов, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС үшін биылғы жылға арналған трансформациялау жобалары аясындағы маңызды міндет үнемді өндіріс бойынша енгізілетін іс-шаралардың тиімділігін арттыру болып табылатынын жеткізді.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

НА

19,4%

ПО РЕЗУЛЬТАТАМ 2020 ГОДА УВЕЛИЧЕН РОСТ ПЕРЕВОЗОК В ТРАНЗИТЕ

15,2 МЛРД ТЕНГЕ

ИТОГОВАЯ ПРИБЫЛЬ АО «НК «ҚТЖ» ЗА 2020 ГОД

В ПРОШЛОМ ГОДУ В ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» РЕАЛИЗОВАНО СВЫШЕ

130

МЕРОПРИЯТИЙ ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ НЕСЧАСТНЫХ СЛУЧАЕВ

МҮГЕДЕКТЕР ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ

Қосыйм МҰҚАШЕВ,
Атырау



АХУАЛ

Мемлекет басшысының «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында айтылған тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында Атырауда «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобасы аясында «Атырау – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі ашылған.

Жоба аймақта сыбайлас жемқорлық деңгейін азайту, жұртшылықтың сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігін қалыптастыру, Атырау облысындағы мемлекеттік билік институттарына азаматтардың сенімін нығайту сынды басты бағыттарды қамтиды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өзінің қызметін тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою мен азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау, қоғамдық бақылау жүргізу салалары бағытында жұмыс істейді. Жуырда «Атырау – адалдық алаңы» жобалау кеңсесінің басшысы Адиева Альфия Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде болып, атқарып жатқан жұмыстар туралы теміржолшылармен бөлісті.

Жоба басшысы жұмыс бағытын түсіндіре келе атқарылған жұмыстарға да тоқталды. Соның ішінде мемлекеттік орган қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері мен сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтау, құқықтық көмек, тұрмыстық жемқорлықтың алдын алу, азаматтардың арыз-шағымдарын қарау бойынша біраз жұмыс жүргізілген. Әрине, азаматтардың көбі заң аясындағы түсіндірулерге зәру екені рас, соған орай жоба мамандарымен өткен жылы 32 адамға құқықтық көмек көрсетілген. Медицина саласындағы жемқорлықтың алдын алу мақсатында дәрі-дәрмектің жеткіліктілігі, мектептердегі тамақтандыру, мемлекеттік органдардағы ашықтық пен қолжетімділік те жоба аясында үнемі қадағаланып жүр. А.Адиева сондай-ақ темір жол мекемелерінде де болып, олардағы халыққа қажет жағдайларды бақылаған. Оның айтуынша, вокзалдарда мүгедектік арбасымен қозғалатын адамдар үшін жағдай жасау керек. «Олар үшін вокзалдың екінші қабатына көтерілу немесе туннель арқылы келесі жолға шығу өте қиын. Ол жерге жеткен күнде де пойызға міну үшін де жағдай жоқ. Сондықтан осы мәселе түбегейлі шешімін табу керек. Өлке темір жол басшыларының аталған мәселені назарда ұстап, шешімін табуға атсалысуларын сұраймын» деді ол.



ҮШ КҮНДЕ 112 ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



АКЦИЯ

Ақтөбе станциясының қызметкерлері мен вокзалдағы тәртіп сақшылары жолдағы қауіпсіздік акциясын өткізді. Жауапты мамандар үш күннің ішінде 112 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады.

Теміржол бойында жарақат алудың басты себебі – рұқсат етілмеген жерден кесіп өту. Мамандар тартқан статистикаға сүйенсек, теміржолда жарақат алғандардың 20% құлаққаптармен жүреді, пойыз дыбысын естімейді. Сондай-ақ, қауіпті жерлерде суретке түсетіндердің әрекеті де теміржолшыларды алаңдатып отыр.

«Станция аумағында ақпараттық жұмыстар тұрақты жүреді. Темір жол бойында қоныстанған елді мекендердің тұрғындары үшін ережелерді түсіндіру жұмыстары жыл он екі ай жүреді. Ескерту айтылып, айыппұл да салынып жатыр. Бірақ өміріне жауапкершілікпен қарамайтын жандар аз емес. Жүріп бара жатқан пойызбен жарысып суретке түсетін жасөспірімдер де тыйылмай тұр», – деді Ақтөбе станциясының басшысы Нұрлан Ермағамбетов.

«Акцияның негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыру, халықтың арасында тәртіпсіздікке және ұсақ құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығына әсер ететін ұсақ құқық бұзушылықтарды ескерту және анықтау болып табылады», – дейді желілік полиция бөлімінің өкілі Роза Төлгенқызы.

Станция қызметкерлері мен желілік полиция бөлімі ұйымдастырған акция кезінде түнгі және күндізгі уақытта ата-ананың қадағалауынсыз жүрген 15 жасөспірім анықталды. Теміржолшылар теміржол жоғары қауіптің көзі екенін тағы да еске салады және қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Суретті түсірген автор

ЖОЛШЫЛАР ҰЖЫМЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ



Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Иә, шын мәнінде, бұл рас сөз. Себебі жолшылардың қажетіне жарайтын жұмыстың басы-қасында Ғалия апай жүреді. Онсыз іс бітпейді, жұмыс беруші мен еңбеккердің арасындағы дәнекерлік жасаушы-кәсіподақтың қым-қуыт шаруасын ұршықша иірген нағыз маман. Оның Қызылорда жол дистанциясында жасаған 36 жылдық еңбек жолының 20 жылын кәсіподақ ұйымына басшылық жасаумен келеді.

Қызылорда теміржол техникумынан арнаулы білім, кейін Алматы теміржол институтынан жоғары білім алған Ғалия Ноғайбаева еңбек жолын 1985 жылы Қызылорда жол дистанциясының тәлім-тәрбиелік болып теміржолшылық кәсіпті бастапты. Сосын ақауапқыш вагон инженері, диспетчер, еңбек және техника қауіпсіздігі инженері және жол диспетчері секілді жауапты жұмыстардың сатысынан өткен тәжірибелі маман.



– Ғалия Нұрадинқызы өзін жолшымын деп санайды. Қашанда жолшылардың жоғын жоқтап жүреді. Жолшылар ұжымының ұйытқысы. Қазіргі таңда Ғалия Ноғайбаеваның қолға алған жұмыстары шашау шықпай жасалатын және басшылық тапсырған шаруаларды дистанцияның мүмкіндігіне орайластырып атқара білетін шеберлігі де біздерге үлгі болатындай,

ретімен атқарылады. Ол кісінің еңбегі біздің қоғамдық бірлестік тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше рет марапатқа ие болды, – деді «Қазкөліккәсіп» ҚБ аймақтық филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов.

Еңбек кітапшасында тек Қызылорда жол дистанциясының мөрі басылған Ғалия апайдың ерекше белсенділігі мен ұйымдастырушылық қабілетіне үлкен де, кіші де тәнті болады. Ал жол шаруашылығына байланысты кез келген «нюансты» бес саусағындай білетін сауаттылығын әріптестері мақтанышпен сөз етеді. «Біздің Ғалия апай» дейді меншіктеп.

– Теміржолшы болу – жауапты да салмақты кәсіп. Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыруға барлық күш-жігерін арнай білген адам ғана нағыз теміржолшы бола алады. Осындай міндет жүктелген кәсіп иелерінің кәсіподағы ұйымын үйлестіру де оңай шаруа емес. Дегенмен осы жұмысты хал-қадірімше атқарып, жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы дәнекерлікті алтын асықтай сақтап, жұмыс жасап келемін. Осы міндетті атқару барысында қолдау көрсеткен әріптестеріме, басшылыққа разылығымды білдіремін, – дейді жолшылардың Ғалия апайы.

Суретті түсірген автор

ТАСЫМАЛ



ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҮКТЕР ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАУДА

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша тасымалдың басым бөлігін құрайтын, қауіптілігі аса жоғары жүктері бар вагондарды бақылауда, оларда кездесетін ақаулықтарды анықтауда қырағылық танытып жүрген теміржолшылар қатары биылғы қыста да толығымен түсуде. Әсіресе, тораптық станцияларда анықталатын мұндай жайттар үлкен қауіптің алдына алады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Цистерналарда сақталатын қауіптілігі жоғары жүктері бар жылжымалы құрамдар бөлімшесінің барлық станцияларында да қадағалауға алынған. Тасымалдағы жүкті діндеген жеріне аман-есен жеткізу де теміржолшылар міндетіне кіретіні белгілі.

Өткен жылы бөлімше бойынша қауіпті сұйықтықтың төрт бірдей ағып кету фактісі тіркеліпті. Жылжымалы құрам қауіпсіздігін арттыру мақсатында тек вагон қараушылар мен әскерлендірілген теміржол күзетінің қызметкерлері ғана емес, желі бойындағы пойыз құрастырушыларына да қошымша нұсқаулықтар берілген болатын. Нәтиже көрсеткендей, станция қызметкерлері арасында аталмыш келеңсіздікті анықтауда қырағылық танытатындар мол екен.

Мәселен, ақпанның ақ түтек боранында Семей станциясына келіп тоқтаған жүк пойызының бас жағынан, цистернадан ағып жатқан дизельді жанармай анықталған. Алапат өртке ұласуы мүмкін ақаулыққа алғашқы болып көз жеткізген пойызды қабылдап алушылар Болат Аралбаев пен Әлібек

аударуды талап етеді. Кінәрат анықталған жағдайда, уақыт оздырмастан бірден апаттың алдын алу, ақаулықты жою жұмыстары басталады. Ол үшін әуелгі кезекте вагонды кірме емес, желі бойындағы пойыз қатар, ондағы сұйықтықтың қауіптілігі деңгейі, жүктің салмағы, тығыздығы, типті, температурасы да есепке алынады.

Мұның барлығы алдағы уақытта ондай келеңсіздіктерге жол бермеу мақсатында тіркеуге алынады, – дейді семейлік қозғалысшылар.

Дәл осындай жайт, қыстың көзі қырауда Шар және Жаңа-Семей станцияларында да тіркелген болатын. Тәуліктің түнгі мезгілінде, қарлы боранда теміржолшылар үшін

бүлінбеуі де назарға алынады. Ағытылып, жөндеуге жіберілген вагон бойынша әуелгі кезекте хаттама толтырылып, қажетті құжаттамалар жасалынып, арнайы комиссияның сараптамасынан да өткізіледі.

– Егер бір вагондағы цистернадан жанармай немесе өзге де улы я болмаса өртке қауіптілігі жоғары сұйықтық ағып жатқаны анықталса, оның салдарын жою үшін бірнеше теміржолшы қатысатын үлкен процесс жүреді. Атап айтсақ, вагон қараушылардан бөлек, пойыз қабылдаушы, жүк пен багажды қабылдап тапсырушы, маневрлік диспетчер және вагондарды жөндеушілер бірлесіп жұмыс жүргізеді. Яғни, елеулі уақыт пен күш-жігер жұмсалынады, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей ЖТ бөлімшесінің өндірістік қауіпсіздік бөлімінің мамандары.

Дегенмен мәселе тек апаттың алдын алумен ғана бітпейді. Оны болдырмау мақсатында да іс жүргізіледі. Мәселен, осыған дейін Семей ЖТ бөлімшесінде орын алған вагон цистерналарынан жанармайдың ағуы бойынша Екібастұз-1 және Дегелең, Ақтоғай станциялары басшыларына да арнайы хаттамалар жіберіліпті.

Суретті түсірген автор

“ АҚПАНЫҢ АҚ ТҮТЕК БОРАНЫНДА СЕМЕЙ СТАНЦИЯСЫНА КЕЛІП ТОҚТАҒАН ЖҮК ПОЙИЗЫНЫҢ БАС ЖАҒЫНДАҒЫ ЦИСТЕРНАДАН АҒЫП ЖАТҚАН ДИЗЕЛЬДІ ПОЙИЗ ҚАБЫЛДАУШЫЛАР БОЛАТ АРАЛБАЕВ ПЕН ӘЛІБЕК ТОЙШЫБАЕВ ДЕР КЕЗІНДЕ АНЫҚТАҒАН. ”

Тойшыбаев дабыл қағыпты. Тексере келгенде цистернаның төменгі сұйықтық ағызылатын бөлігінің ақаулығы анықталған. Павлодардан Бескөл станциясына қарай бағыт алған жүк пойызындағы цистернаның бұрамасы қатайтылып, қосымша бекітіліп, шамалы уақыттан соң жолға шығарылған. Бұл бір ғана мысал.

– Қауіптілігі жоғары жүктері бар вагондар ерекше назар

«екі қарап, бір шоқу» қажет. Әрине, мұндай вагондардағы ақауды анықтауда алдыңғы орында ВЧД-23 мекемесінің вагон қараушылары тұр. Қажет болған жағдайда ондай вагондарға жеделдетіп жөндеу жұмыстарын жүргізу де солардың міндетіне кіреді.

Цистернадан сұйықтықтың ағуы көбінесе техникалық тексеру кезінде анықталады екен. Мұндайда вагон пломбасының



БОЙЦЫ НЕВИДИМОГО ФРОНТА

Так в шутку называют себя работницы АУР и ИТР Уральского эксплуатационного вагонного депо. «Наши девчата» – с уважением говорят о них мужчины ВЧДЭ, справедливо считая, что вклад женской части коллектива в общий успех предприятия неоченим. Несмотря на пандемию, коллектив депо окончил 2020 год с хорошими производственными показателями, не было ни единого случая задержки отчетов.

Марьяна ПЕРВУШИНА,
Уральск

По итогам работы за 2020 год Уральское эксплуатационное вагонное депо по исполнению грузовых вагонов через ПТО выполнило план на 153%, или на 19% больше по сравнению с 2019 годом. По пассажирским вагонам выполнение плана составило 60%, вполнину меньше прошлого года по причине снижения объема пассажирских перевозок из-за пандемии, часть поездов была и вовсе отменена.

Начало карантина в связи с covid-19, когда все офисные работники были переведены на дистанционную работу, пришлось на квартальный отчет. И ни одного отчета не было сорвано по срокам, все задания руководства выполнялись своевременно. Рассказывая о женщинах, работающих на железной дороге, редко вспоминают о бухгалтерях, экономистах, кадровиках.

– Забывать об административно-управленческом персонале и инженерно-технических работниках несправедливо, – считает начальник ВЧД-3 Ерман Мухамедьяров. – В коллективе работает 150 человек, из них 24 женщины. Уют в офисе, четко налаженный учет, отчетность, организация труда, своевременные выплаты зарплаты,

налоговые и прочие платежи, в общем, все, что способствует бесперебойной работе предприятия, – это заслуга наших женщин из АУР и ИТР.

Председатель цехового профкома Махамбет Альменев с гордостью рассказывает о профсоюзных активистках. Их 10 человек.

– Половина из них – представительницы известных в Уральске железнодорожных династий. У всех высшее профильное образование, некоторые даже два вуза окончили. При этом все они – прекрасные жены, матери, бабушки, большинство замужем за железнодорожниками и прекрасно знают специфику отрасли. Наши девчата умеют создать уют и дома, и в офисе, организовать не только работу подразделений, но и праздничные мероприятия с большой любовью, фантазией и с минимальными затратами, – сказал он.

В частности, возглавляет бухгалтерию Жанна Тумабаева, представительница династии Тумабаевых, чей общий трудовой стаж в отрасли исчисляется сотнями лет и был отмечен благодарственным письмом председателя правления АО «НК «ҚТЖ». Основатель династии дед Бокай начинал в 1927 году на строительстве Турксиба. Супруг Жанны Манатовны Алтынбек Даулетияров – замначальника Актюбинской

дистанции электроснабжения по Уральскому региону. Она – счастливая бабушка трех внуков-погодок.

Ее заместитель – Яна Сидорова, начала трудовую деятельность слесарем по ремонту подвижного состава. В вагонном депо работали ее бабушка, отец и мама, а дед – Почетный железнодорожник. Основатель династии – прапрадед Яков Иванович, машинист первого паровоза, который вел от Ершова до Уральска, когда открыли движение на новой линии Рязано-Уральской железной дороги в конце XIX века. К слову, в приезд наследника престола, будущего Николая II в Уральск, Яков Сидоров «вел паровоз так, что стакан воды не расплескался» и получил за это от цесаревича золотые часы.

Два года назад ряды бухгалтерии пополнила опытный финансист Латипа Кажгалиева, тоже имеющая опыт работы в железнодорожной отрасли.

Группу экономистов возглавляет ведущий инженер-экономист Айжан Ахметжанова, мама троих детей. Трудовой путь она начала в ПТО Уральск в 1998 году. Молодые специалисты Гульмира и Айгерим Шукуровы тоже представляют трудовую династию.

Гульмира Хайрушева начинала в ВЧД-3 аппаратчиком химводоочистки в 2006 году, с 2014 года – менеджер по персоналу.

Мозговым центром всех праздников, режиссером и сценаристом является инженер-электронщик Ажар Мухамеджанова, на железной дороге работает с 1991 года, в том числе в ВЧД-3 – с 2003-го.

Ведущий инженер Марина Умаргалиева тоже представительница династии – на железной дороге работали бабушка, родители, брат, так что выбор профессии для Марины Николаевны был очевиден. По окончании Казахского университета путей сообщения по специальности «организация перевозок и управление движением на железнодорожном транспорте» работала в Уральске на железной дороге, в ВЧД-3 пришла в начале 2020 года.

Молодой специалист, ведущий инженер по охране окружающей среды Азиза Нурмухамбет по окончании КазАТК имени М. Тынышпаева начала трудовой путь в Уральском эксплуатационном вагонном депо с должности оператора по обслуживанию и ремонту вагонов и контейнеров ПТО станции Уральск, влилась в коллектив сразу, показав себя с лучшей стороны.

– Наши девчата самые лучшие, – говорят в депо. – И работают прекрасно, и выглядят хорошо, а уж как поют, танцуют, стихи сочиняют, готовы – пальчики оближешь! Они – наша гордость. Пусть их молодость и задор продлятся долго. Желаем здоровья крепкого и благополучия!

Фото автора

ИЗМЕНИТЬ ПОДХОДЫ



Формирование тарифов на контейнерные перевозки и пересмотр методологии их расчета обсудили в ходе второго онлайн-заседания рабочей группы по разработке программы контейнеризации.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Повестка совещания, которое прошло на площадке Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS», включала презентацию международной IT-платформы АТТIS, а также обсуждение пилотных проектов по перенаправлению экспортных грузов через АО «НК «Актауский морской торговый порт».

В своем выступлении председатель рабочей группы по разработке программы контейне-

ризации Эдиль Исаков сообщил, что АО «НК «ҚТЖ» проведен анализ железнодорожных тарифных условий контейнерных перевозок по ряду номенклатурных грузов и направлений, по итогам которого установлено, что железнодорожный тариф на контейнерные перевозки в экспортном сообщении ниже перевозок грузов в крытых вагонах и зерновозах.

– В АО «НК «ҚТЖ» создана комиссия по установлению специальных тарифных условий на перевозку грузов по железной

дороге Казахстана, которая готова рассмотреть заявки и предложения транспортно-экспедиторских организаций, грузоотправителей и грузополучателей, – сказал Эдиль Исаков.

В свою очередь, представители бизнеса посетовали, что сейчас тарифы на подсыл порожних контейнеров являются неоправданно высокими.

– Необходимо менять подходы в формировании тарифов на контейнерные перевозки, пересмотреть саму методологию их расчета, – ответил на это Эдиль Исаков.

Однако нерешенными остаются вопросы государственной поддержки контейнеризации грузовых перевозок, в том числе стимулирующей тарифной политики, налоговых преференций, льготного кредитования и финансирования.

– Нужно подготовить кон-

цепцию и дорожную карту по программе контейнеризации, – считает заместитель председателя СТК «KAZLOGISTICS» Юрий Лавриненко.

Управляющий по коммерции АО «НК «Актауский морской торговый порт» Мартин Воегман доложил, что на внедрение первого пилотного проекта по контейнеризации ушло полтора года. Однако это дало 15% экономии транзитного времени, в перспективе контейнерным поездом можно сократить время доставки на 30-40%.

– Сейчас в Казахстане ощущается нехватка 20-футовых контейнеров, – отметил Мартин Воегман. – Если говорить о потенциале контейнеризации в области экспорта в Казахстане, 30-40 тысяч тонн грузов ежемесячно уходит через российский порт Новороссийск, эти объемы можно перенаправить через казахстанские порты.

трансформация



НЕ БОЯТЬСЯ ПЕРЕМЕН

В нынешних условиях АО «НК «ҚТЖ» более чем когда-либо активно внедряет проекты в рамках цифровой трансформации. Это веление времени. Один из главных цифровых проектов – «Центр управления движением поездов», в рамках которого создан пилотный полигон в Западном регионе, в городе Актобе. Благодаря участию в проекте целые семьи железнодорожников поменяли города и места жительства и считают, что все изменения в жизни – к лучшему.

Асель ШАЙХЫНОВА
Нур-Султан

Как известно, центр управления движением поездов объединил диспетчерские центры пяти отделений – Актобе, Атырау, Мангистау, Уральск, Кызылорда. Один из «людей трансформации» – поездной диспетчер НЖС Мангистау Ерлан Камалов.

– Летом, когда объявили об объединении диспетчерских


центров пяти регионов в один, не скрою, моей первой реакцией был страх перед грядущими изменениями. Но, проанализировав все плюсы и минусы, я понял, что этот проект очень перспективный и значимый для компании, – говорит он.

По мнению Ерлана Камалова, во-первых, это упростит управление перевозочным процессом, во-вторых, увеличит маршрутную

скорость транзитных поездов и многое другое, что положительно скажется на развитии компании.

– Данный проект – доказательство того, что я работаю не просто в национальной компании со своими традициями, а в компании, которая идет в ногу со временем, – делится он.

После обсуждений в семейном кругу, Ерлан принял решение переводиться в Актобе.



– Компания оплатила мне и всем членам моей семьи не только проезд и провоз багажа до Актобе, но и аренду жилья. Нам помогли пройти все процедуры по прописке, и самое главное, моих детей устроили в школу и детский сад. Я горжусь своей компанией, которая заботится о своих работниках и создает благоприятные условия для развития, – говорит Ерлан Камалов.

Фото автора



ДИНАМИЧНЫЙ РОСТ

Айлин БАУЫРЖАН,
Нур-Султан



По итогам 2020 года через морские порты Актау и Курык перевалено порядка 5,4 миллиона тонн грузов.

При этом экспорт таких грузов как нефть, зерно, металл составил 3 680,3 миллиона тонн, или 88% к показателю аналогичного периода 2019 года. Также через морские порты импортировано ТНП, продуктов питания, цемента, оборудования и других грузов в объеме 815,6 тысячи тонн, или 62% к показателю аналогичного периода 2019 года. Транзит же составил 842,1 тысячи тонн, что на 79% превышает показатель аналогичного периода 2019 года. Основная номенклатура грузов – ТНП, табачные изделия, замороженное мясо (птица), текстиль, медицинские средства, продукты питания, специи, оборудование, химикаты, строительные материалы.

Отмечается рост перевалки паромных грузов на 14%. В 2020 году этот показатель составил 1,6 миллиона тонн, в 2019-м – 1,4 миллиона, а также на 4% объемов нефти.

Показатели перевалки грузовых автотранспортных средств выросли более чем в 2 раза.

Также сохраняется положительная динамика в перевалке контейнеров, показатели выросли на 10% и составили порядка 35 тысяч ДФЭ.

В текущем году прогнозируется дальнейшее наращивание потенциала в каспийском направлении, в том числе за счет открытия новых морских маршрутов.

За январь текущего года через морские порты Актау и Курык перевалено порядка 420 тысяч тонн грузов.

Рост в 2,3 раза отмечается по объемам перевалки грузовых автотранспортных средств, также на 5% выросли показатели по контейнерным перевозкам.

Фото автора



ОБЪЯВИЛИ «ВОЙНУ» ОСАДКАМ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



Первые дни весны в Восточном Казахстане выдались как будто зимними: мела метель, был сильный ветер, больше двух суток шел снег. Из-за непогоды закрывались автотрассы практически во всех направлениях, а для борьбы со снегом на железной дороге были задействованы все монтеры пути, снегоочистительная и снегоуборочная техника.

– На снегоборьбе были задействованы 105 человек, две машины СМ и четыре снегочиста работали круглосуточно, – рассказала ведущий инженер производственно-технического отдела Защитинской дистанции пути (ПЧ-37) Сагынш Наурызбаева. – Также работали две машины СТРУТ.

Только в первые два дня марта путецы вывезли 10 тысяч кубометров снега, очистив более двух тысяч километров пути. Борьба со снегом велась на всех участках Защитинской дистанции пути, включая Оскемен-1 – Риддер, Оскемен-1 – Шемонаиха, Восточный железнодорожный участок, станционные пути и стрелочные переводы. Тем не менее, в ПЧ-37 обошлись своими силами: вторую очередь борьбы со снегом объявлять не пришлось.

Фото Маната МАГЖАЕВА

Назымгүл теміржолдың бойында туған. Әкесі Тәжіғұл ерте өмірден озыпты. Көзін ашқаннан көргені – Сарышағанның сахарасын тіліп жатқан қос рельс. Тәулік бойы ағылып жатқан түрлі пойыздар. Дүк-дүк, тарс-тарс, шық-шық! Түтіні будақтап, арлы-бері зулап жататын пойыздардың үніне де құлағы үйренген.

КӘСІБИ МАМАН

Асхат РАЙҚҰЛ,
Сарышаған



Назымгүлге адамның бәрі теміржолға қызмет ететін сияқты көрінетін. Өйткені, өзінің анасы вагон депосында тексеруші болған. Екі ағасы бірдей теміржолшы. Сарышағандағы орта мектепте білім алды. Білім ошағын өте жақсы бағаман тәмамдаған. Арманы көп еді. Сол кездегі ару шаһар Алматыға асыққан. Аман нешік, әкенің қазасы, отбасының ахуалы оған мүмкіндік бермеді.

«Тағдырым теміржолдан ұзай қоймады. Мектепті бітіре сала, аттестатамды құшақтап Сарышаған станциясының табалдырығын аттадым. Содан бері осы жердемін ғой», – дейді Назымгүл Елеусінова.

Он сегіз жастағы бойжеткен осылайша техникалық кенсенің операторы болып еңбек жолын бастап кетті. Белсенділігімен, жауаптылығымен басшылықты көзіне түскен Назымгүл көп ұзамай станция операторы қызметіне ауыстырылды. Жұмыс ауқымы бұрынғыдан да кеңі түсті. Теориялық тұрғыдан білім алмаған кейіпкеріміз нағыз тәжірибемен білімін шыңдады.

«Мен жұмыс барысында аға буынның шапағатын көп көрдім. Сол себептен оларға деген алғысым шексіз. Мәселен, 1987 жылдардың тұсында мені Марат Алдабергенов деген ағайым, әріптесім қазіргі Тараз қаласындағы Жамбыл техникалық мектебінен курстан өтуіме ықпал етті. Мұнда бар-жоғы алты ай ғана болсам да, көп нәрсені үйрендім. Сондықтан да болар,

сол жылы парк кезекшісі болып ауыстым», – деді теміржолшы.

Сол жылы Назымгүл өмірлік жарымен танысады. Табиғаты керемет Меркі өңірінің азаматы Ержанның түр-келбеті де келісті еді. Бішкектегі теміржол училищесінде білім алып жүрген ол Сарышаған станциясына іс-тәжірибеден өтуге келген екен. Анасының қасынан отбасылық жағдайларға байланысты ұзап шыға алмаған Назымгүлді ұнатқан Ержан да Сарышағаннан жыраққа кете алмады. Жас жұбайлардың мамандығы да бір болған соң, жарасымды тіл табысып, отау тікті, шаңырақ көтерді.

«Ол заманда, қазіргідей емес, барлығы қолмен жасалатын еді ғой. Мәселен, мен жұмыс барысында вокзалға келіп тоқтаған құрамның тежегіштерін кигізетінмін, вагондарды ағыту, тіркеу, жүктің салмағын өлшеу, ұзындығын нақтылау, келесі станцияға қауіпсіз жетуіне жауап беру, машинистерге ескерту қағаздарын ұсыну сынды толып жатқан шаруаларды атқаратынмын. Ал қазір бұлардың көбісі автоматтандырылды. Жарым да машинистің көмекшісі. Оның мамандығының өзіне тән қиындықтары, машақаттары бар. Бірақ біз өз кәсібімізді сүйетіндіктен, мұны тастап кете алмаймыз. Несібімізді болат жолдың бойынан теріп жүрген жайымыз бар», – деген кейіпкеріміздің бүгінде бір ұлы, бір қызы бар.

Қызығы да сол, ұлдары Ернат та әкесі секілді машинист көмекшісі болса, қыздары Фарида – станция кассирі. Демек, отбасымен теміржолшы.

Назымгүл теміржолшы кәсібін таңдағанына еш өкінемейді. Сол себептен де өзінің ұл-қызына осы кәсіпке бет бұруына ықпал еткен.

Сарышаған станциясының директоры Руслан Таңатаров Назымгүлдің өз жұмысына өте жауапты екенін айтады. Тіпті, облыстан, республикадан қандай тексеру комиссиялары келсе де, әріптесінің шаруасынан бір мін таппайды екен.

Суреттерді түсірген автор

БАЯН АПАНЫҢ БАҚЫТЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Темір жол саласында ауыр еңбекті ерлермен қатар атқарып, жұмысқа білек сыбана кірісетін, ал үйде бала-шағаның да бабын тауып, отбасының ұйтқысы бола білген әйел-аналар қандай құрметке де лайық.



Қай мамандық болсын жеңіл емес. Соның ішінде теміржол жұмысы, жол жөндеуші болу кез келген нәзік жанның қолынан келе бермейді. Біздің кейіпкеріміз Байдулина Баян апа да ұзақ жыл жөндеуші болып жұмыс жасаған. Жоғарыда айтылған қиындықтың бәрін де көрген, басынан өткерген жан. Атырау жол дистанциясының Ескене теліміне жол жөндеуші болып жұмысқа тұрып, табандай 26 жыл істеп, ол мамандықтың ыстығы мен суығының бәрін көрген. Алты баланы дүниеге әкеліп, отағасы

екеуі бәрін де жеткізіп, өсіріп-өндірді.

– Таңнан тұрып, түнде өшіп қалған пешке көмір жағып, құдықтан су тасып әкеліп, плантаға ысытып, балаларға шай беріп, мектепке жіберу керек. Таңғы 8 болмай жұмысқа келіп, нұсқаулықтан өткеннен кейін қара кешке дейін рельс бойын жағалап жүріп өту керек. Жай жүру емес, бригада мүшелерімен жолдың ақаулығын тексеру, шебін төсеу, шпал ауыстыру, рельс түзету, бұрмаларды тазарту, жөндеу, жолды қыста қардан, жазда құмнан аршу... әйтеуір, мігір жоқ тынымсыз тірлік болды, – деп еске алады Баян апа жас кезін.

Міне, жұмыстардың көбі сонау жылдары әйел қолымен жасалатын, бірақ асқан жауапкершілікпен жасалуы еді. Сол жанкештіліктің бәрі де қозғалыс қауіпсіздігі үшін! Жолаушы және жүк пойыздары аман-есен дйттеген жеріне жетіп, әрі қарай қауіпсіз жүруі үшін. Ал кешке үйге келе сала әйел үшін тағы да тамақ пісіру, балаларды жуындыру, сабағын қарау сынды күйбең тірлік басталады...

2013 жылы әйел адамдарға жеңіл

жұмыстар ұсынылып, Баян апа 458-ші шақырымдағы өткел кезекшісі жұмысына ауыстырылады. Содан бүгінгі күнге дейін өткел кезекшісі болып еңбек етіп келеді. «Тәулігіне 18, кейде 22, ал кейде одан да көп пойыз жүріп өтеді. Сол себепті қолмен атқарылатын өткелді ашып-жауып тұрамыз. Қасымызда зауыт салынып жатқандықтан автокөлік те көп. Сондықтан мұнда да жауапкершілік аз емес. Басыма түскен қиын шақтарда үнемі қолдау білдіргені үшін сол кездегі жол шебері А.Басаровқа, Атырау магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Е.Сапаровқа, жол дистанциясының бастығы А.Жылқыбаевқа, қазіргі уаққа бастығы А.Есқалиға аналық ризашылығымды білдіремін» дейді Баян Рақымжанқызы.

«Күміс алқа» иегері Баян апа бүгінде Қаламқас, Нұргүл, Айгерім, Ұлмекен, Бибінуір есімді тұрғындарына рахат көріп отыр. Тұрмыстағы төртеуінен 17 жиен және ұлы Алишерден 1 немере сүйіп отырған бақытты ана. «Барлық бейнетімнің өтеуі, бақытым осылар» дейді. Отағасы Берік ағай болса зейнеткерлікте. Олар қазір экологиялық ахуалы өте нашар саналатын Ескене станциясында тұрып жатыр. Мұнда түгелге дерлік теміржолшылар отбасы тұрады. Жергілікті атқарушы билік ауылды көшіру мәселесін көтергелі қашан. Саналы ғұмырын темір жолда өткізген Баян апа да отбасымен жайлы жерге қоныс аударсақ деген тілектесте. Ол күндер де жақын болғай...

Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛ КЕЗЕКШІСІ

Жансия СЫДЫҚБАЙ,
Түркістан облысы

Арыс жол дистанциясы 1-ші айналымының өтпе кезекшісі Орынқұл Мамбетова 40 жылғын теміржол саласына арнаған.

Еңбек жолын 1981 жылы жолшы болып бастаған ол 1998 жылға дейін рельс пен шпал ауыстырып, теміржолдың қауіпсіздігі мен тазалығын күтіп баптауға ер азаматтармен бірдей атсалысады. Содан кейін өтпе кезекшісі болып ауысты.

Орынқұл Кеңесқызы жыл сайын 8 наурыз мерекесінің барлық кезі есінде қалғанын ерекше атап өтті. Себебі, ұжым басшысы мен кәсіподақтан келген адамдар тек жұмыста жүргендерді ғана емес, зейнеткерлікке шығып кеткен ардагер теміржолшыларды да шақырып, құрметтеп, сый-сияпат көрсетеді екен.

«Қанша жыл жұмыс істесем де әр жылды ұмытпаймын. Ұйымшылдық – бұрыннан

келе жатқан дәстүріміз. Аға шебер Үсен Жұманов, Қайрат Момбеков, Асылхан Атабеков есімді бригадирлер басқаратын ұжым екі околотқаның жұмысына жауапты. Бір жағдай болса, үнемі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарамыз. Жұмыстың оңайы жоқ, Дегенмен, сол қиындығына төзіп, осы теміржолдан адал нанымды жеп келе жатырмын. Жолшы болып жүрген кезімде ешқандай да өндірістік жарақат алған емеспін. 1998 жылы әйел адамдарды ауыр жұмыстан бұйрық шыққан соң өтпе кезекшілігіне ауыстырды. Қасында менен басқа 4 адам ауысыммен жұмыс істейміз», – деді Орынқұл Мамбетова.

Айта кетейік, Түркістан-Шорнақ өткелі Түркістанда біреу ғана. Күн сайын 300-ден аса түрлі көлік пен 200-ден аса жүк және жолаушылар пойызы өтетін жердің төртбін темірдей қадағалап тұрады. Өтпе кезекшісінің айтуынша, аталған өткел көлік ағымына тарлық етеді. Осы өткелді жөндеп, кеңейтсе жақсы болар еді деген де ойын жеткізді.

Кейіпкерімиздің атасы мен марқұм жолдасы да теміржолшы болған екен. Бүгінде үш ұл, бір қыздан 10 немере сүйіп отырған ардақты әжеңнің балалары да ата-анасының жолын қуып теміржолшы мамандығын таңдаған.

«Теміржол саласында ең ауыр жұмыс жолшылардыкі



екені жасырын емес. Алайда, Заң шығарушылар, Парламентте отырған депутаттар осы теміржолшылардың айлығын көтеруді ескерсе екен деген тілегіміз бар, – деді Орынқұл Мамбетова.

Ғұмырының қырық жылын теміржол саласына арнаған кейіпкерімиз зейнет жасына жақындағанын, адам мамандығын сүйсе, оның ер немесе әйел деп бөлінбейтінін айтты. Теміржол саласына осылай ұзақ жылдар қалтқысыз қызмет еткен Орынқұл Кеңесқызының табандылығына еріксіз сүйсінесіз.

Суретті түсірген автор

АПАЛЫ-СІҢІЛІ ЖОЛСЕРІКТЕР

Сүлүгүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Бірі мінезі ұяң, биязы, кішіпейіл, екіншісі жүріс-тұрысы ширақ, сөзі мығым. Екеуі бір анадан туған. Олар – апалы-сіңлілі жолсеріктер Эльмира мен Гүлмира Тәжібековалар.

Біздің таныстығымыз қос келіншекпен Қандыағаш станциясынан №37 Маңғыстау – Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол бағытындағы пойызға мінерде басталды. Жолаушыларға туғанын көргендей жылы іттипат танытып, қонақжай пейілмен қарсы алып жатқан жолсеріктер еріксіз баурап алды. Вагонға кіргенде құлды өз үйіне кіргендей әсер аласың, жып-жинақы, тап-таза, жып-жылы. Күлпеге кіріп, орнымға жайғаса беріп, ресейлік жаңа вагондардың ажарын жолсеріктердің тазалығы мен ұқыптылығы толықтыра түскенін байқадым. Үршіксіз ақ жайма төсек, үстел үстіндегі жайма да жаңа ғана үтіктелгендей теп-тегіс. Шаруамды сөтті жайластырып келе жатқан менің көңілім көтеріңкі еді. Тіпті жадырай түсті. Жол ұзақ. Не істеу керек, кәсіби дағды дамыл берер емес. Сосын жолсеріктердің қолы босаған сәтін пайдаланып сөзге тарттым.

Бұл Гүлмираның ұзақ демалыстан кейінгі бірінші рейсі екен. Бір жарым жасар қызын ата-енесіне қалдырып, жолда ұзақ болатын қызметіне оралған ол аздап қобалжуды. Станцияларға тоқтағанда сәтін тауып қондырау шалып, қызының қалын біліп тұрады. Қайтсын, ананың аты – ана.

«Теміржолда жұмыс істеп жатқаныма 23 жылға кетіп барады. Қаршадайымнан келдім, анамның

қасына орналастым. Ол кісі де өмір бойы жолсерік болып қызмет етті. Зейнеткерлікке шыққанына төрт жыл. Әрине жолдың ұзақтығы болмаса, жұмыс өзіме ұнайды. Әсіресе, қазіргі уақытта тіпті тамаша. Вагондар жеткілікті сервис те жылдан жылға жақсарып жатыр. Адамдардың мәдениеті өзгеріп, түсініктері түзелген. Бұрынғыдай билетсіз пойызға отыруға мінбелемейді. Есімде, жұмысқа жаңа кірген кезім. 17-18 жастағы қыпша бел, арық қызбын. Вагон толы адам. Жүктің үстіне жүкті тықпалап жатқан етженді келген бір апайдан билетіңізді көрсетіңіз деп жанына келе бергенім сол еді, «кетші-ей бар, қайдағы билет» деп итеріп жіберген. Үш қызын жалғыз өсіріп жатқан анама жаным ашып, жұмыстың барлық қиындығына шыдадым», – дейді Гүлмира.

Ал Эльмира теміржолға сіңісінен үш жылдан соң келіпті. Жолсерік қызметіндегі біліктілігін теміржолдың жоғары оқу орнында оқып, біліммен ұштастырған алғыр қызметіне басқа жұмысқа барғысы жоқ. Табиғатынан ашық ол адамдардан алғыс алса, марқайып қалады екен.

«Бір жылы Сайтес-Бейнеу аралығында түнгі мезгілде пойызда бір орыс келіншегін босандырып алған жағдай болды. Мен штабтық



вагонның жолсерігі едім. Сабилып вагоннан дәрігер іздеп, әйтеуір Астанаға квотамен келе жатқан келіншекті аман-есен босандырып, бас шаһарға дім аман жеткізді. Ол станцияларда келген жедел жәрдем көмектерінен бас тартқан еді. Қоштасарда телефонымды сұрап алды. Бір қызығы, бір жарым жылдан соң әлгі келіншек қонырау шалып, алғысын білдірді. Көптен күткен бала болғандықтан және жол үстінде босанып, қиындықты жеңе білгендіктен есімін Виктория деп қойғанын, қазір қызының жүгіріп жүргенін айтты. Соған мен кәдімгідей қуанып, марқайып қалдым», – дейді бүгінде жас та болса, бір қызын ұзатып, үш жиен сүйіп отырған жас әже Эльмира.

Пойыз бастығы Қуатжан Исмағұлов та Эльмира мен Гүлмираның өз ісін жақсы білетін адал істейтін майталман мамандар екенін айтады. Жолсерік қызметінде жиырма жылды артақтастаған қос келіншектің қызметтеріне кінәрат тағылған емес, керісінше, жолаушылардан ақ қардай жауған алғыстар көп дейді. Жолда жолаушыларға шын мәнінде жолсерік бола білген апалы-сіңлілерге мен де денсаулық пен отбасы амандығын тілеп қоштастым.

Бейнеу станциясының жүк қабылдап тапсырушысы Анар Қыдырханова Қарақалпақстанда туып-өскен. Мектеп бітірген соң Қазақстанға келіп, Атыраудағы теміржол техникумына оқуға түседі, Бейнеу станциясына жұмысқа орналасады. Міне, содан бері де ширек ғасырға жуық уақыт өтіпті.

«ТЕМІРЖОЛШЫ БОЛУ ҮШІН ТУҒАНДАЙМЫН...»

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Еңбек жолын станцияда құжат жөнелтуші болып бастаған ол үш жылдан соң тауар кассирі, сосын транзиттік жүктер бойынша агент болады. 2002 жылдан бері станцияда жүк қабылдап тапсырушы. 1992 жылы Еркін есімді азаматпен шаңырақ көтеріп, Бейнеудің жергілікті тұрғыны болып шыға келеді.

– Мен теміржолшы болу үшін туғандаймын. Өзімді басқа мамандықта көре алмаймын. Кім мамандығын сүйсе, ештеңенің қиындығы білінбейді екен. Үйді де, түзді де бірге алып жүруге болады. Бейнеу тоғыз жолдың торабында орналасқан, жан-жақтан пойыздар келіп-кетіп жататындықтан жұмысымыз қашанда қызу. Солай болса да, біздің жалақымыз біраздан бері бір қалпында. Көтерілмейді. Дәрігерлер, мұғалімдер, басқа мамандардың еңбекақылары көбейіп жатқанда қызығады екенсің, – деп назын айтты кейіпкерімиз.

Анар апа бүгінде мақтаулы теміржолшы ғана емес, үш ұлды дүниеге әкеліп, оларды ешкімнен кем қылмай тәрбиелеген үлгілі ана, аяулы әже. Жолдасына сүйікті де қолдаушы жар. Азат, Назар, Зақария есімді үш ұлы бар. – Жұмысқа кірген жылдар әлі есімде. Жүк пойыздарын жазушымын. 1988 жылы 31 желтоқсан түні еді. Сол түнде Бейнеу станциясындағы №14 жолға Мақаттан бір құрама келді. Оны Орта Азияға қарай тапсыруымыз керек. Құраманы жазып келе жатып қалай екенін білмеймін, бір вагонды жазбай кетіппін. Негізі оның әубастағы құжаты Атырауда қалып қойған екен. Мен де оны жазбай кетемін. Сөйтпін оны біз солай құжатсыз жөнелтеміз.



Содан мұны Түркіменстанның Чарджоу деген жеріне барғанша ешкім білмейді, құжаты қаралмайды да. Чарджоу станциясында бір вагон артық шығады, құжаты жоқ. Вагонда бағалы жүктер, сол кездегі ең алды қымбат кілемдер, телевизорлар бар. Ол Беларусь елінен Ауғанстанға баруы керек жүктер екен.

Сонымен вагонның Атырауда қалып қойған құжаты артынан келіп, үлкен дау болды. Вагон Чарджоуда тұр. 19 жастағы жас қызбын. Ол кезде «Ашхабад-Мәскеу» пойызы жүретін. Соған билет алып, құжатты алып дереу артынан жөнел бердім. Құжатсыз вагон жіберу үлкен қателік, әрине, тәртіп қатал. Мені басшылық, кәсіподақ – барлығы бірлесе ортаға алып, мәселемді қарап, сөгіс берді. Бұл маған үлкен сабақ болды. Содан бері 34 жылға жуықтады. Сол оқиғадан сабақ алып, басқа қателеспедім. Өліге дейін құжат қарауда есіме түсіп, қайта-қайта тексеремін. Мені сол бір қателік «есейтіп», нағыз теміржолшыға айналдырды, – дейді Анар Қыдырханова.

Суретті түсірген автор

ЖИЗНЬ ПРЕКРАСНА!

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Бригадир пункта технического обслуживания станции Павлодар Екибастузского эксплуатационного вагонного депо Сая Латымханова за преданность профессии и добросовестный труд получила почетную грамоту от Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан. На стальной магистрали женщина работает вот уже 28 лет.



Как известно, весна – это время пробуждения от зимнего сна, обновления и праздника. Март для нашей героини действительно принес немало приятных поводов для радости. Во-первых, конечно, Международный женский день 8 Марта. Во-вторых, ее многолетний труд оценили на самом высшем уровне. И, в-третьих, 11 марта Сая Латымханова отметит свой 50-летний юбилей, который ждет с нетерпением. По словам железнодорожницы, в это время жизнь только начинается.

– Планирую встретить круглую дату с родными и близкими людьми. Это семья, друзья и любимый коллектив. Несмотря на то что мне исполнится 50 лет, чувствую себя превосходно, полна сил и энергии, большое желание как можно дольше работать. Да и не так это много – 50 лет. Всего лишь возраст, главное – состояние души, – говорит Сая Кабдрашитовна. Наша героиня, окончив в 1990

году Екибастузское профессиональное техническое училище, начала трудовую деятельность спустя два года машинистом мостового крана третьего разряда в Екибастузском вагонном депо. Не женская профессия, но этот период работы она считает самым ярким.

– Самое интересное, что когда пришла туда, в штате были одни женщины. Конечно, мы не находились на улице, как другие специалисты, но свои сложности тоже были. Кругом гарь, сварка, шум, большая ответственность, особенно в вопросах безопасности. Всегда находились в движении, – рассказывает Сая Латымханова. – С 2006 года работала мастером производственно-технического обслуживания парка «А», «Б» станции Екибастуз, после инженером производственного отдела, с 2011 года переведена на должность бригадира пункта технического обслуживания станции Павлодар.

Я не могу ответить, почему выбрала именно железную дорогу. Потому что в то время некогда было мечтать. Сейчас могу сказать одно – ни о чем не сожалею.

Сая Латымханова принимает активное участие в профсоюзной работе. В свободное время железнодорожница любит читать, смотреть кино, выращивает цветы и сейчас учится плавать.

– Жизнь прекрасна в любом возрасте, никогда не поздно учиться. Самое любимое хобби – это цветы. Выращиваю их дома и приношу на работу, чтобы радовали глаза, – говорит женщина.

В Международный женский день 8 Марта Сая Латымханова желает каждой представительнице прекрасного пола крепкого здоровья и долгих счастливых лет жизни. Ведь неспроста 2020 год научил нас, прежде всего, ценить те вещи, которые не купишь ни за какие деньги.

Фото автора

Общий стаж оператора по обработке перевозочных документов станции Мойынты Раушан Омарбековой составляет 41 год. Женщина не только большой профессионал в работе. Она, прежде всего, любящая мать четверых детей и заботливая бабушка 10 внуков.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

СЧАСТЬЕ В ЛАДОШКАХ И СОЛНЦЕ В ГЛАЗАХ

После окончания школы Раушан решила пойти по стопам своих родителей – Ибрая Тлекова и Бибигуль Бейсекеевой, которые всю свою жизнь посвятили железной дороге. Глядя на них, она уже твердо знала, что останется работать на родной станции Мойынты.

Поначалу Раушан работала оператором и сигнальщиком. Хрупкой девушке приходилось наблюдать за проходящим составом и сигнализировать звуками и жестами руководителю профилактических работ. Также она меняла и убирала тормозные башмаки, которые весили по 8 килограмм каждый. Работа была не простой, нужно было иметь отличное здоровье, так как большую часть времени приходилось проводить на открытом воздухе в любую погоду.

В настоящее время Раушан Омарбекова трудится оператором по обработке перевозочных документов. По словам женщины, работа сложная и скрупулезная.

– Главная задача каждого оператора – тщательная обработка документов. Это требует

